

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 133 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1105 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы" 2000 жылғы 13 желтоқсандағы N 507 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Мына ведомстволар:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитеті;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті;

3) < * >

4) Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті болып қайта ұйымдастырылсын.

Ескерту. 2-тармақтың 3)-тармақшасы алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.09.20. N 1040 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне 3, оның ішінде бір бірінші вице-министрдің болуына рұқсат етілсін.

а с ы р у ғ а

қ а т ы с у ;

7) энергетика ұйымдары қызметіне мемлекеттік энергетикалық қадағалау жүргізу ;

8) мемлекеттік активтерді тиімді басқару, республикалық меншікті жекешелендіру саясатын жүргізуге қатысу;

9) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып экспорттық бақылау саласында мемлекеттік саясат жүргізуге қатысу;

10) өз құзыреті саласында Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық және технологиялық дамуының негізгі бағыттарын әзірлеуге және іске асыруға қ а т ы с у ;

11) өз құзыреті саласында ғылыми-техникалық салада кәсіпкерліктің, инновациялық қызметтің дамуына, ғылыми-техникалық өнімдер рыногының қалыптасуына қажетті жағдайлар жасау;

12) атом энергиясын пайдаланумен байланысты қызметті мемлекеттік қадағалау және реттеу, ядролық қаруды таратпау режимін қамтамасыз ету;

13) бұрынғы Семей ядролық полигонының объектілерін тиімді пайдалану;

14) Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін құруға қ а т ы с у .

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.20. N 1040 қаулысымен.

11. Министрлік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мына қызметті жүзеге асырады :

1) атом энергетикасын қоса алғанда, энергетика, минералдық ресурстар, мұнай-химия және атом өнеркәсібі салаларында мемлекеттік саясатты әзірлейді және іске асырады ;

2) өз құзыреті саласында мемлекеттік және өзге де бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады ;

3) өз құзыреті саласында өнеркәсіп саясатын іске асыру жөнінде салалық және салааралық іс-қимыл жоспарларын әзірлеуді және олардың атқарылуын ұйымдастыруды жүзеге асырады ;

4) өз құзыреті саласында ұйымдарға әлеуетті инвесторларды тартуға және инвестициялық жобаларды іске асыруға жәрдемдеседі ;

5) елдің отын-энергетика кешенін дамытудың стратегиялық жоспарларын әзірлейді ;

6) отын-энергетика теңгерімін әзірлейді және оның іске асырылуын қамтамасыз етеді ;

7) энергия үнемдеу, энергия көздерінің толымды және дәстүрлі емес көздерін пайдалану саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуді ұйымдастырады және іске асырады ;

8) Қазақстан Республикасының жер қойнауын зерделеу, пайдалану және қорғау саласындағы қатынастарды мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады;

9) атқарушы органдар мен жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауы туралы заңнаманы және жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібін, соның ішінде тиісті бақылаушы органдармен олардың құзыреті шегінде өзара әрекеттесе отырып, келісім-шарт ережелерінің орындалуын, берілген лицензиялар шарттарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

10) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге құқық беру үшін кен орындары мен аумақтар тізбесін, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, келісім-шарт жобасының экономикалық үлгісі мен салық салу жүйесін қоса алғанда, жер қойнауын пайдаланушылармен келісім-шарттар жасасу үшін шектеулі өлшемдерді бекітуге дайындайды;

11) инвестициялық бағдарламалар конкурстарын ұйымдастырады және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге құқықтар беру жөнінде келіссөздер жүргізеді;

12) жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар бойынша кеңесшілерді іріктеу үшін тендерлер ұйымдастырады;

13) жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар дайындауды және жасасуды жүзеге асырады;

14) жер қойнауын пайдаланушылармен жасалатын келісім-шарттардың өндірістік-техникалық және экономикалық сараптамасын жасауды ұйымдастырады және оған қатысады;

15) жер қойнауын пайдалануға арналып жасалған келісім-шарттарды сақтауды, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану құқығын кепілдікке салу шарттарының тіркелуін жүзеге асырады;

16) жер қойнауын пайдалану саласындағы өнімді бөлу туралы келісімдерде мемлекеттің мүддесін білдіреді;

17) көмірсутегін өндіру, тасымалдау және қайта өңдеу мониторингін, мұнай өнімдерін сатуды жүзеге асырады;

18) мұнай операцияларын жүргізуге, соның ішінде мұнай, газ және газ конденсаты кен орындарын әзірлеуге, мұнай мен газдың жер асты қоймаларын пайдалануға, көмірсутегі шикізатының толықтай алынуына бақылауды қамтамасыз етеді;

19) әлемдік өнеркәсіпте қабылданған стандарттарға негізделген мұнай операцияларын жүргізудің мейлінше тиімді әдістері мен технологияларының қолданылуын бақылайды;

20) бас құбыр өткізгіштерін техникалық пайдалануды, олардың қауіпсіздігі мен пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

20-1) магистральды мұнай құбырларымен мұнай мен газ тасымалдауға,

кейіннен оларды сақтауға және көліктің басқа түрлеріне қотарып құюға байланысты мұнай-газ тасымалы инфрақұрылымы объектілерінің құрылысы үшін жерге орналастыру жобаларын келісуді және жер учаскесін бөлуге қажетті қорытындылар беруді жүзеге асырады;

20-2) магистральды мұнай құбырларымен мұнай мен газ тасымалдауға, кейіннен оларды сақтауға және көліктің басқа түрлеріне қотарып құюға байланысты мұнай-газ тасымалы инфрақұрылымы объектілерін жоспарлау, жобалау, салу мәселелері бойынша, сондай-ақ мұнай-газ тасымалы инфрақұрылымының бар объектілерін пайдалану мәселелері бойынша құрылыс қызметі саласында реттеуді, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға қатысады;

20-3) газды жеткізумен, тасымалдаумен, сақтаумен және сатумен байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады; <*>

21) жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша шетелдік және отандық инвестициялар ағындарының қозғалысына талдау жүргізеді, оларды тартудың және ынталандырудың әлемдік тәжірибесін зерделейді және қорытады;

22) Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалын жақсартуға, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіруге бағытталған, сондай-ақ халықаралық инвестициялық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі ұсыныстарды дайындауға қатысады;

23) республикада және шет елдерде тікелей инвестициялар тарту жөніндегі инвестициялық конференциялар, семинарлар, көрмелер мен басқа да тұсаукесерлік шаралар өткізуді қоса алғанда, жарнамалық-ақпараттық жұмыстарға қатысады;

24) өз құзыреті саласында инвестицияларды қолдау жөнінде инвесторлармен, шетелдік ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады;

25) тарифтік және тарифтік емес реттеу әдістерімен сыртқы экономикалық қызметті реттеуге қатысады;

26) мемлекеттік активтерді тиімді басқару саясатын әзірлеуге және оның атқарылуын ұйымдастыруға қатысады;

27) өз қызметі саласында республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органы болады; <*>

28) республикалық меншікті жекешелендіру процесіне, оның ішінде жоспарланатын қаржы жылында жекешелендіруге жататын объектілерді белгілеуге, республикалық меншік объектілерін сатуға қатысады;

29) Үкіметтің шешімдері бойынша Министрлік құзыреті саласында қызметті жүзеге асырушы заңды тұлғалар акцияларының мемлекеттік үлестері мен пакеттерін иелену және пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асырады;

30) өз қызметі саласында энергетикада, көлікте, сондай-ақ өнеркәсіпте баға

және тариф саясатын қалыптастыруға қатысады;

31) өз құзыреті саласында сыртқы және ішкі тауар рыноктарындағы конъюнктураны зерделейді және экспорт пен импорт құрылымдарын жетілдіру, өнім экспорты мен импортын реттеу және шектеу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

32) өз құзыреті саласында қызмет түрлерін лицензиялауды және лицензиаттардың лицензия шарттарын орындауын бақылауды жүзеге асырады;

33) өз құзыреті шегінде толлингтік операцияларға сараптама жүргізеді;

34) электр энергетикасы кешенінің тиімді жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз етеді;

35) энергия ұйымдарының күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындалуын ұйымдастырады;

36) өз құзыреті саласында өнеркәсіпте игеру үшін ғылыми-техникалық зерттеулердің жай-күйіне және даму барысына талдау жүргізеді, технологиялық сараптаманы жүзеге асырады;

37) өз құзыреті саласында конкурстық негізде қолданбалы ғылыми-техникалық зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыруды жүзеге асырады;

38) өз құзыреті саласында ақпараттандыру жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді және орындалуын ұйымдастырады;

39) инновациялық кәсіпкерлікке қолдау көрсетеді, өз құзыреті саласында ғылымды қажетсінетін шағын және орта бизнестің дамуына көмектеседі;

4 0) < * >

41) бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының объектілерін тиімді пайдалану жөнінде іс-шараларды әзірлеу мен іске асыруды үйлестіреді;

42) Жерді қашықтан зерттеу ғарыштық техникасы мен технологияларын қолдана отырып, жер қойнауын зерделеу және аймақтық геология, салалық геоақпараттық жүйе жасау саласында бағдарламалар әзірлейді және іске асырады;

43) атом энергиясын қауіпсіз пайдалану саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;

44) ядролық қаруды таратпау және атом энергиясын қауіпсіз пайдалану режимін қамтамасыз етумен байланысты қызметті жүзеге асырады, Қазақстан Республикасы басқа ұйымдарының Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікпен (АТЭХАГ) және басқа да тиісті халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылын жүзеге асырады және үйлестіреді;

45) өз қызметі саласында заңнаманы қолдану тәжірибесін талдайды және қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдер жобаларын дайындауға қатысады, өз құзыреті шегінде нормативтік-құқықтық кесімдер қабылдайды;

46) республикалық бюджетті әзірлеуге қатысады;

47) Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де қызметті жүзеге асырады.

Ескерту. 11-тармақ 20-1, 20-2-тармақшалармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.04.02. N 390 қаулысымен.

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.20. N 1040 қаулысымен.

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.26. N 866 қаулысымен.

Ескерту. 11-тармақ 20-3-тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.01.27. N 88 қаулысымен.

12. Министрлік заңнамада белгіленген тәртіппен және өз құзыреті шегінде:

1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан ақпарат сұратуға;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдарға олар қабылдаған кесімдердің күшін жою немесе оларды өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

3) нормативтік құқықтық кесімдер шығаруға;

4) лицензиялауды жүзеге асыруға;

5) жер қойнауын тиімді пайдалану және қорғау жөніндегі талаптарды бұзушыларды жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылдауға;

6) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісім-шарт ережелерінің орындалмауына байланысты жұмыстарды тоқтата тұру туралы хабарламалар жіберуге және осы қызметті тоқтату туралы ұсыныс енгізуге;

7) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар мамандарын, сондай-ақ шетелдік және жергілікті сарапшылар мен мамандарды жұмысқа тартуға;

8) ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

9) халықаралық шарттар (келісімдер) жасасу бойынша ұсыныстар енгізуге, шет елдердің тиісті ведомстволарымен, халықаралық ұйымдармен және шетелдік заңды тұлғалармен келіссөздер жүргізуге, шарттар (келісімдер) жасасуға;

9-1) Жер қойнауын пайдалану саласындағы өнім бөлу туралы келісімдерде көзделген мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардың міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан кепілдіктер беруге.

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 12-тармақ 9-1)-тармақшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.05.03. N 598 қаулысымен.

Ескерту. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.02. N 390 қаулысымен.

3. МИНИСТРЛІКТІҢ МҮЛКІ

13. Министрліктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

14. Министрліктің мүлкі республикалық меншікке жатады. Министрліктің мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен қалыптасады әрі негізгі және айналымдағы қаражаттардан, сондай-ақ құны Министрліктің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктерден тұрады.

15. Министрлік өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқылы емес.

Министрлікке республиканың заңнамасымен белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. МИНИСТРЛІК ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

16. Министрлікті Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын Министр басқарады.

Министрдің Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

17. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және өз қызметінің жүзеге асырылуына дербес жауапкершілікте болады.

18. Министр осы мақсатта мына өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) өз орынбасарларының және Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) заңнамаға сәйкес министрлік қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) бұйрықтарға қол қояды;

4) ведомстволарды қоспағанда Министрліктің құрылымын, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді бекітеді;

5) Министрлікті мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда білдіреді;

6) заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік қызметкерлеріне тәртіптік жазалар береді және оларды көтермелейді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Министр жанынан құрамында Министр, оның орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер басшылары бар консультативтік-кеңесші орган - алқа құрылады.

Алқаның сан және жеке құрамы мен ол туралы ережені Министр бекітеді.

5. МИНИСТРЛІКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

20. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 25 қаңтардағы
N 133 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар
министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың
ТІЗБЕСІ**

Мемлекеттік мекемелер

- 1 . < * >
2. Мұнай-газ өнеркәсібінің оқу орталығы
3 . < * >
3-1. "Мұнай-газ капиталы" мемлекеттік мекемесі <*>
Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар
4. Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы
5 . < * >
6 . У р а н к е н і ш т а р а т у
7. Алып тасталды - ҚРҰ-ң 2001.03.29. N 402 қаулысымен.
8 . < * >
9 . < * >
10. Алып тасталды - ҚРҰ-ң 2002.07.19. N 807 қаулысымен.
11. Алып тасталды - ҚРҰ-ң 2002.07.09. N 751 қаулысымен.
12. Алып тасталды - ҚРҰ-ң 2002.05.06. N 498 қаулысымен.
13. "Алматыэнерго" Алматы энергетика жүйесі
14. "Қарағандыэнерго" Қарағанды энергетика жүйесі
15. "Қазақстанэнерго" ұлттық электр энергетика жүйесі
16. Маңғышлақ атом энергетикасы комбинаты
17. Қ а р а ғ а н д ы ш а х т а т а р а т у
18. Өндірістік-пайдаланушы кәсіпорын
19. Алып тасталды - ҚРҰ-ң 2001.08.03. N 1025 қаулысымен.
20 . < * >

ЕСКЕРТУ. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.06.28. N 887 қаулысымен.

*Ескерту. 3,5,9-жолдар алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.09.12. N 996
қаулысымен .*

*Ескерту. 8,20-жолдар алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.09.20. N 1040
қаулысымен .*

*ЕСКЕРТУ. 3-1-жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.03.13. N 240
қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2001 жылғы 25 қаңтардағы

133 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі" бөлімінде реттік нөмірі 3-жол алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" бөлімінде реттік нөмірлері 29, 30а-жолдар алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі" бөлімі мына мазмұндағы реттік нөмірі 106а-2-жолмен толықтырылсын:

"106а-2 "Кентаукеніштарату"

республикалық мемлекеттік

кәсіпорны (шаруашылық Оңтүстік Қазақстан

жүргізу құқығында) облысы, Кентау қаласы";

мына мазмұндағы бөліммен және реттік нөмірі 106а-3-жолмен

толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Аэроғарыш комитеті

106а-3 "Инфракос" республикалық

мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық

жүргізу құқығында) Байқоңыр қаласы";

мына мазмұндағы бөліммен және реттік нөмірі 106а-4-жолмен

толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті

106а-4 "Мамандандырылған

гравиметрикалық кәсіпорын"

республикалық мемлекеттік

кәсіпорны (шаруашылық жүргізу Алматы облысы,

құқығында) Іле ауданы";

"Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитеті" бөлімінің тақырыбындағы ", индустрия және сауда" деген сөздер "және минералдық

ресурстар" деген сөздермен ауыстырылсын.

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.09.12. N 995 қаулысымен .

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1106 қаулысымен .

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1108 қаулысымен .